



БҰЙРЫҚ

20 14 ж. 27 маусым

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 166

город Астана

**Орталық-Азиялық тағам
қауіпсіздігі жөніндегі
оқыту орталығын құру туралы**

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағы техникалық регламентінің тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) процестерін жүзеге асыру кезінде ХАССП (ағылшынша транскрипциясы НАССР Hazard Analysis and Critical Control Points) принциптеріне негізделген рәсімдерді міндетті түрде енгізу бойынша 10-бабының 2-тармағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 маусымдағы № 661 қаулысымен бекітілген Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру жөніндегі 2014-2015 жылдарға арналған кешенді жоспардың 20-тармағын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Агенттіктің «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының құрылымдық бөлімшесі – ХАССП тәуекелдерді және сындарлы бақылау нүктелерін талдауларды басқару жүйесі жөніндегі мамандардың теориялық білімдерін арттыру және практикалық шеберліктері мен дағдыларын жетілдіру бойынша қызметті жүзеге асыратын Орталық-Азия тамақ қауіпсіздігі оқыту орталығы құрылсын.

2. Агенттіктің «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры осы бұйрыққа қол қойылған күнінен

бастап 30 (отыз) күн ішінде Орталық-Азия тамақ қауіпсіздігі оқыту орталығы туралы ережені әзірлесін және Агенттіктің келісімі бойынша бекітсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік төрағасының орынбасары Н.Т. Ұранхаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төрағаның міндетін атқарушы



Ж. Бекшин

*24 июня 2014
№ 166*

О создании обучающего Центрально – Азиатского центра по пищевой безопасности

В целях исполнения требований пункта 2 статьи 10 технического регламента Таможенного союза «О безопасности пищевой продукции», утвержденного решением Комиссии Таможенного союза от 9 декабря 2011 года № 880 по обязательному внедрению процедур, основанные на принципах ХАССП (в английской транскрипции HACCP Hazard Analysis and Critical Control Points) при осуществлении процессов производства (изготовления) пищевой продукции, а также пункта 20 Комплексного плана Агентства Республики Казахстан по защите прав потребителей, утвержденный Правительством Республики Казахстан от 14 июня 2014 года № 661 в соответствии с Уставом деятельности Республиканского государственного казенного предприятия «Научно-практический центр санитарно-эпидемиологической экспертизы и мониторинга» Агентства Республики Казахстан по защите прав потребителей (далее – Агентства),

ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Создать обучающий Центрально-Азиатский центр по пищевой безопасности на базе Республиканского государственного казенного предприятия «Научно-практический центр санитарно-эпидемиологической экспертизы и мониторинга» Агентства, осуществляющий деятельность по повышению теоретических знаний и совершенствованию практических умений и навыков специалистов по системе управления анализами рисков и критических контрольных точек ХАССП.

2. Директору Республиканского государственного казенного предприятия «Научно-практический центр санитарно-эпидемиологической экспертизы и мониторинга» Агентства разработать, согласовать с Агентством и утвердить Положение об обучающем Центрально-Азиатском центре по пищевой безопасности в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня подписания настоящего приказа.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Заместителя
Председателя Агентства Уранхаева Н. Т.

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

И.о. Председателя

A handwritten signature in dark ink, appearing to be 'Ж. Бекшин', written in a cursive style.

Ж. Бекшин